

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне өлім жазасын орындауға мораторий енгізуге байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 желтоқсандағы N 1332 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне өлім жазасын орындауға мораторий енгізуге байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және**

**Қылмыстық-атқару кодекстеріне өлім жазасын орындауға мораторий енгізуге байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; N 16, 1998 ж., 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 744-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 10, 106-құжат; 2003 ж., N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат; N 18 , 1 4 2 - к ұ ж а т ) :

4 9 - б а п т а :

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Президенті өлім жазасын орындауға мораторий енгізген кезде, өлім жазасы туралы үкімді орындау мораторий қолданысының уақытында тоқтатыла тұрады.";

төртінші бөлік "орындалады" деген сөздің алдынан ", сондай-ақ өлім жазасын орындауға мораторийдің күші жойылғаннан кейін кемінде бір жыл өткеннен кейін"

деген

сөздермен

толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"5. Өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен жазаны ерекше режимдегі түзеу колониясында өтеуі арқылы өмір бойы бас бостандығынан айырумен немесе жиырма бес жыл мерзімге бас бостандығынан айырумен ауыстырылуы мүмкін. Өлім жазасына кесілген адамдар өлім жазасын орындауға мораторийдің күші жойылған жағдайда, олардың мораторий енгізгенге дейін өтініш бергендеріне немесе бермегендеріне қарамастан, кешірім жасау туралы өтініш беруге құқығы бар".

2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат):

1) 458-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"4. Өлім жазасы туралы үкімді оны орындауға мораторийдің күші жойылғаннан кейін қайта қарау осы Кодексте көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жүзеге асырылады. " ;

2) 459-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Занды қүшіне енген өлім жазасы туралы үкімдер өлім жазасын орындауға мораторийдің күші жойылғаннан кейін де қайта қаралуы мүмкін.".

3. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат ; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 32, 33 -құжаттар; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат):

1) 69-баптың сегізінші бөлігі ", сондай-ақ өлім жазасын орындауға мораторий енгізілгенге дейін немесе мораторий қолданысының уақытында өздеріне қатысы өлім жазасы туралы үкім қүшіне енген адамдар ұсталады" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 126-баптың бірінші бөлігі ", сондай-ақ өлім жазасын орындауға мораторий енгізілгенге дейін немесе мораторий қолданысының уақытында өздеріне қатысы өлім жазасы туралы үкім қүшіне енген адамдар ұсталады" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 127-баптың екінші бөлігі ", сондай-ақ басқа сотталғандардан оқшаша, бөлек жалғыз адамдық камераларда өлім жазасын орындауға мораторий енгізілгенге дейін немесе мораторий қолданысының уақытында өздеріне қатысы өлім жазасы туралы үкім қүшіне енген адамдар ұсталады" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 165-баптың бесінші бөлігі "ерте" деген сөзден кейін ", сондай-ақ өлім жазасын орындауға мораторийдің күшін жойылғаннан кейін бір жыл өткеннен ерте";

3 ) 1 6 6 - б а п т а :

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті өлім жазасын орындауға мораторий енгізген жағдайда, мораторийдің күшін жойғаннан кейін де сотталушы бір жыл ішінде оның мораторий енгізгенге дейін не оның қолданылуы уақытында өтініш бергеніне немесе бермегеніне қарамастан, кешірім жасау туралы өтініш беруге құқығы бар.".

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК